

Ўзбекистан Республикасы халыққа білім беру уәзірлігі

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық
институты

Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Қазақ әдебиетін оқыту методикасы пәнінен
семинар сабақтардың тақырыптары

Дайындаған: Т. Төрткүлбаева

Н Ө К І С- 2010

1. Тақырып. Студенттерді қазақ әдебиеті сабағын талдау принциптерімен таныстыру.

1.Сабақтың мақсаты: Оқушылардың шығарманы терең ұғынуын қамтамасыз ету және талдауда әңгіме болған мәселелерді жинақтап қорытып, есте берік қалдыру, таным әдісін үйрету.

2.Жаңа тақырып. Оқушы шығарманың мазмұнын айтумен бірге, оның тақырыбына, идеялық мағынасына, негізгі кейіпкеріне тоқталып, талдаудан шыққан қорытындыны қоса баяндайды.

1. Мәтін қысқартылып ауызша мазмұндатылады. Бұл мазмұндату ойды тұжырып, жинақтап айтуға, аз сөзге көп мағына сыйдырып сөйлеуге үйретіп, сөзді талғап, сұрыптай білуге төселдіреді.

2.Ауызша мазмұндатудың тағы бір түрі кейіпкерлердің тарихын баяндау арқылы жүргізіледі. Бұдан көзделген мақсат - шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін, білімдік, тәрбиелік маңызын мазмұн арқылы ғана емес, жеке кейіпкер арқылы да танытуды қамтамасыз ету.

3.Кейіпкерлердің тарихын баяндау түріндегі мазмұндату үшін істелетін жұмыс едәуір күрделі. Алдымен кейіпкер жайында айтылған материалдар жинастырылып, хронологиялық тәртіпке келтіріледі, жоспары тізіледі, сонан кейін барып мазмұндатылады.

5.Ауызша мазмұндатудың келесі бір түрі сөйлеуші жақтан ауыстырып айту тәсілімен жүргізіледі. Бірінші жақпен немесе диалогпен жазылған мәтін үшінші жақпен мазмұндатылады: ал, үшінші жақпен жазылған мәтін бірінші жақпен яғни айтушылардың атынан мазмұндалып, ол өзі қатысушы адам болып сөйлейді.

6.Көркемдеп айту түріндегі мазмұндату оқушылардың сөздік қорын молайтады. Көркемдеп мазмұндау шығарманың тақырыбы мен идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін, тәрбиелік әсерін айқын түсініп, терең ұғынудың және әдеби тілде сөйлей білугедің бір тәсілі болып табылады.

7. Шығарманы ауызша мазмұндату сөз суреті арқылы да жасалады.

Мазмұндатудың бұл түрі оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытумен қатар, ойлаушылық қабілетін дамытуға жәрдем етеді. Сондай-ақ, бұл шығармаға жоспар жасап үйренуге жаттықтырады.

3. Жаңа тақырыпты бекіту: Тақырып туралы толық түсінік беріп болған соң, мысалдар негізінде талдау жасата отырып сабақты бекіту. Талдаудың түрлерін пайдаланып көркем шығарманы талқылау.

4. Бағалау. 5.Үйге тапсырма: Талдаудың түріне байланысты өз түсінігін жазу.

2.Бір көркем шығарманы сюжеттік желісін талдау.

3. Көркем шығарманың композициясын талдау .

4. Көркем шығарманың образдарын талдау

5. Көркем шығарманың тілдік ерекшелігін талдау

2 Тақырып. Сабақты талдаудың үлгісіне үйрету

1. Сабақтың мақсаты: Әдебиет сабағын мектепте оқытумен бірге әрбір өтілген материалды анализдеу, әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту, талдауға үйрету.

2. Жаңа тақырып. Мектепте әдебиетті оқытудағы жетекші принцип пен қолданылатын негізгі әдіс-амалдар мұғалім мен оқушының барлық жұмыс түрлерін жандандырып отыруына негізделеді. Бұл принципті іске асыру үшін мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатына, құрылысы мен мазмұнына сәйкес тиімді негізгі және көмекші әдіс- амалдардың түрлерін қолданады.

Мұғалім оқытудың әдіс-амалдарын түрлендіре отырып, оқу-тәрбиелік процесті творчестволық белсенділікпен ұйымдастырып өткізуі керек. Әрбір сабақтардың идеологиялық-теориялық дәреженің жоғары болуы, мазмұнды сапалы болып өтуі алдымен ұстазға және шәкірттердің әдебиет жөніндегі білім біліктеті мен дағдыларына байланысты.

Педагогика ғылымы мектепте оқылатын оқу пәндерін оқыту теориялық, басты принциптерді, қолданылатын негізгі және көмекші әдіс амалдар жалпы түрде баяндалады. Әрбір пәнді табиғи ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың принциптері мен әдіс-амалдарын теориялық тұрғыдан баяндау жеке пәндерді оқыту методиканың үлесіне тиеді. Осындай пәндердің қатарына әдебиетті оқыту методикасы жатады.

3. Жаңа тақырыпты бекіту: Тақырып туралы толық түсінік беріп болған соң, мысалдар негізінде талдау жасата отырып сабақты бекіту.

Әдебиет сабағына байланысты көркем шығармаларды, ертегілерді, өлең-дастандарды талдап үйрету.

4. Бағалау.

5. Үйге тапсырма:

1. Әдебиет оқулығындағы көркем шығарманы талдау.
2. Әдебиет оқулығындағы жырды талдау
3. Абайдың табиғат лирикасын талдап келу.
4. Махамбет өлеңдеріндегі архаизм сөздер жайында сұхбат өткізу
5. Бір студенттің өткен сабағына анализ жаздыру

3 Тақырып. Жоғары сыныптарда монографиялық тақырыптарды оқытудың сабақтар жүйесін жазу.

1 Сабақтың мақсаты: Шолу тақырыптар, идеялық-эстетикалық тәрбие. Монография тақырыптар, сабаққа әзірлену кезеңі, сабақты өткізу кезеңі т.б.

2.Жаңа тақырып. Мектептегі оқу мен тәрбие жұмысы бірімен бірі біте қайнасқан бір тұтас процесс. Мектепте әдебиетті оқытуда тұрған басты міндеттер мен негізгі мақсат тарихи документтің методологиялық негізінен туады. Әдебиет пәні оқушылардың әдебиет туралы ғылымының негізінде идеялық-эстетикалық тәрбие алдына, олардың материалынан дүние танымын қалыптастыруға, эстетикалық талабы мен талғамын дамытып туған мәдениетіміз бен әдебиетімізді құрметтеп, оны сүйе білу рухында тәрбиеге, оқушылардың ақыл, ой-парасатын, ауызша және жазбаша тіл мәдениетін дамытып жетілдіруге көмектесуі тиіс.

Жоғарғы сыныптағы қазақ әдебиет тарихының элементарлық курсы фольклордан (ауызша әдебиетінен) бастап, XVIII-XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиеттерді қамти отырып, қазіргі қазақ әдебиетінің үлгілерімен аяқталады. Осындай тарихи хронологиялық желіге негізделіп құрылған тарихи әдебиеттік курс екі жүйемен өтіледі:

- 1) тарихи-әдеби шолулар
- 2) монографиялық тақырыптар

Жоғары сыныптарда өтілетін бұл тақырыптың қай-қайсысы да тарихи принципке негізделіп оқылады.

Шолу тақырыптарды өткенде алдымен сол дәуірдің тарихи-әлеуметтік жағына, саяси оқиғалар негізінде туған таптық-идеялық күрес, жіктелу мәселесіне, осының негізінде туған әдеби бағыттарға, ондағы күрес-тартыстар, көркем әдебиеттің образдары мен идеяларында болатын сабақтастық байланыстарға әдебиеттің даму процесіне жалпы сипаттама беріледі. Осымен байланысты шолуда қамтылатын ақын, жазушылардың творчествосы туралы қысқаша анықтама беріліп, шығарманың негізгі тақырыптары, идеялық-эстетикалық мазмұны мен маңызы, жанлары жайында түсінік беріледі.

3. Жаңа тақырыпты бекіту: Тақырып туралы толық түсінік беріп болған соң жоғары сыныптарда монографиялық тақырыптарды оқытудың өзгешелігін мысалдар негізінде талдау жасата отырып сабақты бекіту.

4. Бағалау.

5. Үйге тапсырма:

- 1.Тарихи-әдеби шолулар, монографиялық тақырыптарға байланысты шығармаларды саралау
2. С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» мемуарлық романына шолу
3. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясына шолу жасау.

4 тақырып. Қазақ әдебиетін мектепте оқыту әдістері. Әдебиетті оқытудың түрлері..

1 Сабақтың мақсаты: Әрбір пәнді табиғи ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың принциптері мен әдіс-амалдарын теориялық тұрғыдан баяндау, жеке пәндерді оқыту методиканың үлесіне тиеді. Мәнерлеп оқу, лекциялық баяндау, сұрақ-жауап әдістері.

2. Жаңа тақырып. Мектепте әдебиетті оқытудағы жетекші принцип пен қолданылатын негізгі әдіс-амалдар мұғалім мен оқушының барлық жұмыс түрлерін жандандырып отыруына негізделеді. Бұл принципті іске асыру үшін мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатына, құрылысы мен мазмұнына сәйкес тиімді негізгі және көмекші әдіс- амалдардың түрлерін қолданады.

Мұғалім оқытудың әдіс-амалдарын түрлендіре отырып, оқу-тәрбиелік процесті творчестволық белсенділікпен ұйымдастырып өткізуі керек. Әрбір сабақтардың идеологиялық-теориялық дәреженің жоғары болуы, мазмұнды сапалы болып өтуі алдымен ұстазға және шәкірттердің әдебиет жөніндегі білім біліктеті мен дағдыларына байланысты.

Педагогика ғылымы мектепте оқылатын оқу пәндерін оқыту теориялық, басты принциптерді, қолданылатын негізгі және көмекші әдіс амалдар жалпы түрде баяндалады. Әрбір пәнді табиғи ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың принциптері мен әдіс-амалдарын теориялық тұрғыдан баяндау жеке пәндерді оқыту методиканың үлесіне тиеді. Осындай пәндердің қатарына әдебиетті оқыту методикасы жатады.

Әдебиет пәнін оқытуда көптеген негізгі және көмекші әдістер бар. Мысалы, көркем сөз тексін мәнерлеп оқу, сюжетті шығармаларды әр түрлі вариантта ауызша мазмұндау т.б.

3. Жаңа тақырыпты бекіту: Тақырып туралы толық түсінік беріп болған соң, мектепте әдебиетті оқыту әдістері мен түрлерін үйрете, талдау жасата отырып сабақты бекіту. Сабақты оқытудың түрлерінен мысалдар келтіру.

4. Бағалау.

5. Үйге тапсырма:

1. Әдебиеттен әр сынып бойынша студенттердің қалауымен тақырып бөліп беріп сабақ өткізу.
2. Бұхар жырау толғауларына сабақтық жоспар жаздыру.
3. Абайдың өнер-білім тақырыбындағы өлеңдеріне сабақ өту.
3. Әр түрлі сабақ түрлеріне жоспар жаздырып үйрету.
4. Жарыс сабақтарын өтуді үйрету.

5 тақырып. Мектепте өткізілетін әдеби кештің мазмұны және оны жүргізу амалдары.

1 Сабақтың мақсаты: Әдебиет пәні бойынша оқушының сыныптан тыс және мектептен тыс орындайтын жұмыстары әдебиетті игерудегі ең бір дұрыс адым болып табылады.

2. Жаңа тақырып. Бағдарлама бойынша жеке шығармалармен қатар кейбір көрнекті ақын, жазушылардың өмірбаяндары өтіледі. Өмірбаяндық материалдардың білімдері жағына келсек, әрбір жазушының өмірбаяны, оның шығармаларына кіріспе ретінде, беташар түсінік ретінде қаралады. Ал оны тереңірек одан әрі оқу мектептен және сыныптан тыс оқу қажеттігін аңғартады. Өмірбаяндық материал оқушылардың ақыл-ой дамуына көмек ететін, жазушылардың шығармаларынан түсініп оқуға дайындайтын, өзіндік жұмыстар ерекше маңызы бар мәселе болып табылады.

Жазушылардың творчествосы жөніндегі мәліметтер біріншіден, жазушылардың шығармасынан саналы түрде оқып түсіну, талдау үшін керек болады. Екіншіден, сыныптан тыс оқу жұмысын өрістету үшін қажет.

Өмірбаяндық материалдардың оқушылар үшін тәрбие маңызы зор. Оқушылардың көз алдынан Махамбет, Ыбырай, Абай т.б. сияқты ақын, жазушылардың ұлы тұлғалары мен жарқын бейнелері тізбектеліп, олардың тарихта алған көрнекті орны, әдебиетті дамытудағы үлкен еңбектері түсіндіріледі.

Әрбір жазушы өзінің жасаған заманына, қызмет еткен кезіндегі саяси-әлеуметтік ортасына байланысты алып қарастырылуы керек.

V-VIII сыныптарда ақын, жазушылардың өмірбаяны жөніндегі мәліметтерді баяндаудың төрт түрі бар:

- 1) жазушылардың өмірбаянынан берілген мәлімет;
- 2) өмірбаяны арнаулы түрде өтілмейтін жазушылар жайында қысқаша анықтама беру;
- 3) өмірбаянымен қатар творчестволық жолы туралы мәлімет беру;
- 4) жазушылардың өмірі туралы әңгімелермен таныс болу;

3. Жаңа тақырыпты бекіту: Тақырып туралы толық түсінік беріп болған соң, сыныптан тыс жұмыстар мен мектептен тыс өтілетін кештердің маңызы мен пайдасы жөнінде, оларды өткізу шарттары түсіндіріледі.

4. Бағалау.

5. Үйге тапсырма:

1. Жыл басы Наурызға байланысты сыныптан тыс сағаттың сценарийін жазу.
2. Бір ақынның шығармашылығына арнап әдеби кештің сценарийін жазу.
3. «Тілге құрмет-елге құрмет» тақырыбындағы әдеби кешке сценарий жазу.